

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚАЗАҚСТАН –АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕКІТІЛДІ
«13» мамыр 2025 жылдан №9 хаттама
Ғылым және жоғары білім саласы
 Мәмбетқазиев



МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы 6B03201 «Журналистика»

Деңгей бакалавриат

Білім беру саласының коды және жіктелуі: 6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат

Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі: 6B032 Журналистика және ақпарат

Білім беру бағдарламалары тобы: B042 Журналистика және репортер ісі

БХС бойынша деңгей: 6

ҰБШ бойынша деңгей: 6

СБШ бойынша деңгей: 6

Оқу мерзімі: 4 жыл


Кредиттер көлемі: 240

6B03201 «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша модульдік білім беру бағдарламасы КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстан» РТРК ШҚО филиалы,
«ALTAI» телеарнасы
Кәсіпорынның атауы

Басшының аты-жөні, қолы, мөрі

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Кәсіпорынның атауы

Басшының аты-жөні, қолы, мөрі

«АСЫЛСУ» ЖШС, Устинка LIVE
Кәсіпорынның атауы

Басшының аты-жөні, қолы, мөрі

Білім беру бағдарламасының паспорты

Әзірленген жылы	2025 жыл
Әзірлеу үшін негіз	- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ ҚРЗ «Білім туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (24.06.2024 №307 өзгертулер және толықтырулармен). - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелді (04.03.2025 №90 өзгертулер және толықтырулармен). - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 26.03.2025 №134 бұйрығымен, енгізілген өзгерістер және толықтырулармен). - Қазақстан-Американдық еркін университетінің Академиялық саясаты (19.03.2025 ж. №7 хаттама)
Кәсіби стандарт	- «Кино, видеофильмдер және телевизиялық бағдарламаларды өндіру қызметі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 635-НҚ бұйрығы); - «Газет шығару. Журналдар мен мерзімді басылымдар шығару» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 635-НҚ бұйрығы); - «Веб-порталдардың қызметі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №635-НҚ бұйрығы); - «Радиохабар тарату» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №635-НҚ бұйрығы); - Телевизиялық бағдарламаларды жасау және трансляциялау жөніндегі қызмет (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №635-НҚ бұйрығы); - «Кинофильмдерді, видео және телевизиялық бағдарламаларды тарату бойынша қызмет» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №635-НҚ бұйрығы); Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтарды өңдеу жөніндегі қызмет (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №635-НҚ бұйрығы).
Мамандықтар	– Шолушы; – Мультимедиялық басылымдармен жұмыс жөніндегі кеңесші; – Тілші; – Комментатор; – Диктор;

	– Телевизиялық/радио жаңалықтар репортері; – Мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі үйлестіруші; – Бағдарлама жүргізушісі; – Газет репортері; – Газет шолушысы; – Баспа, газет және журнал редакциясының тілшісі; – Сценарист; – Музыкалық редактор; – Бейнеоператор.
Еңбек дағдылары	– Редакция үшін бекітілген қызмет бағыттары (экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени), нысандар немесе аймақтар бойынша талданған ақпарат негізінде материал дайындау; – Бекітілген тақырыптар бойынша отандық және әлемдік дереккөздер материалдарын пайдалана отырып, талдамалық, жинақтамалық, шолу түріндегі материалдарды жариялау және қарастырылып отырған мәселеге қатысты өз пікірін білдіру; – Зерттеулер жүргізу, нарықты, трендтерді талдау; – Өнімді немесе қызметті ілгерілетуге арналған стратегияны, маркетингтік бағдарламаларды, жарнамалық стратегияны және жарнама науқандарын жоспарлау және жүзеге асыру; – Іскер серіктестермен, сарапшылармен, кеңесшілермен, ұйымның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; – Маркетингтік бағдарламаларды жоспарлау және брендті ілгерілету; – Ақпараттық себептерді бақылау және қызметті жоспарлау, бағдарламалар мен хабарлар дайындау; – Бағдарламалар (хабарлар) жасау; – Пікірлер жазу және тікелей эфирде жұмыс істеу; – Өзекті оқиғалар бойынша түсіндірме (комментарий) дайындау; – Студиялық және студиядан тыс әртүрлі түр мен жанрдағы теледидарлық (радио, интернет) хабарларды жүргізу; – Хабардың жалпы идеясымен және әдеби негізімен алдын ала танысу, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, таңдалған бейнежазбаларды (жазбаларды) алдын ала қарау (тыңдау), студиялық және студиядан тыс хабарлардың дайындықтарына, түсірілімдеріне (жазбаларына) қатысу; – Өзекті оқиғалар болған жерлерден репортаждар дайындау, тікелей эфирде жұмыс істеу; – Заңнамалық, саяси шешімдер мен үрдістерді мониторингтеу және талдау; – Мемлекеттік органдармен, кәсіби қауымдастықтармен коммуникацияны қамтамасыз ету; – Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (қатысу); – Ақпараттық материалдар, хаттар, билік органдарына өтініштер және сұрауларға жауаптар дайындау; – Бағдарламаның (хабардың) тақырыбын шығармашылық тұрғыда іздеу және дайындау; – Бағдарламаның (хабардың) шығарылымын өткізу; – Қоғам өміріндегі өзекті оқиғаларды іздеу және жедел түрде

	жариялау; – Мақалалар (жарияланымдар) дайындау және оларды редакторға тапсыру; – Бекітілген тақырып бойынша контент дайындау; – Қоғам өміріндегі өзекті оқиғаларды іздеу және жедел түрде жариялау; – Мақалалар (жарияланымдар) дайындау және оларды редакторға тапсыру; – Сценарийлік материалды әзірлеу және сценарий дайындау; – Телехабарлардың музыкалық көркемделуін қамтамасыз ету; – Павильонда (немесе журналистпен бірге іссапарда) бейнетүсірілім жасау, қажет болған жағдайда қоюшы-оператордың функцияларын орындау; – Телебағдарламалар мен өзге де визуалды туындылар өндірісін ұйымдастыру; – Оперативтік техника көмегімен қойылымдық бағдарламаларды дайындау және жасау өндірістік үдерісін жүзеге асыру.
Қайта қараудың мерзімдері	Жылына 1 рет
Іске асыру мерзімі	4 жыл
Миссия	Жанрлық әртүрлілік шеңберінде әдеби шығармалар жасау, халықаралық ауқымдағы қоғаммен байланысты ұйымдастыру дағдыларымен Қазақстандағы сөз бостандығы қағидаттары мен демократиялық қоғам негіздерін қолдаудың маңыздылығын түсінетін кадрларды даярлау.
Мақсат	6B03201 «Журналистика» білім беру бағдарламасының жалпы мақсаты Кәсіби-мамандандырылған біліктілігі бар, еңбек нарығында оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін түлекті даярлау; түлек демократиялық қоғамдағы тілші мен журналистиканың әлеуметтік рөлі мен қоғамдық миссиясын, әлеуметтік қажеттіліктер контекстіндегі БАҚ қызметтері мен принциптері бойынша түсінігін қалыптастыру; медиа саласындағы дамудың негізгі әлемдік үрдістеріне бағдарланған түлекті даярлау. Жалпы білім беретін пәндер циклінің мақсаты жаратылыстану, жалпы гуманитарлық және лингвистикалық негіздерді құруға ықпал ететін жалпы теориялық, әлеуметтік, жалпы экономикалық, мәдениеттану пәндері бойынша іргелі білімдердің жиынтығын қалыптастыру болып табылады. Базалық пәндер циклінің мақсаты жалпы теориялық журналистік, тарихи, халықаралық, кәсіптік пәндер бойынша іргелі білім жиынтығын қалыптастыру болып табылады. Бейіндік пәндер циклінің мақсаты журналистика жанрларын, журналистік өндіріс мәселелерін, журналистің кәсіби қасиеттерін білу болып табылады
Міндеттері	- отандық және сыртқы еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын медиа индустрия мамандарын, жоғары білікті журналистерді сапалы даярлау; - оқу процесіне ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқытудың жаңа әдістемелерін енгізу; - оқу процесін үздіксіз жетілдіру, білім беру мазмұнын жүйелеу; - университет оқытушыларының ғылыми және педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалану;

	- оқу процесінің материалдық базасын және ақпараттық қамтамасыз етілуін нығайту және дамыту; - жұмыс беруші ұйымдармен тұрақты және тиімді байланыс; - жетекші қазақстандық және шетелдік ғылыми орталықтармен және университеттермен ынтымақтастық.
Біліктіліктер мен лауазымдардың тізбесі	6B03201 «Журналистика» мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалаврларының кәсіби қызмет саласы коммерциялық және қоғамдық бағыттағы медиа-коммуникациялық және зерттеу құрылымдары, қоғам өмірінің барлық салалары, қоғамның экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және әлеуметтік өмірінің процестері, мемлекеттің, оның өңірлік және муниципалдық құрылымдарының жұмыс істеуі мен даму мәселелері, адам мен қоғамның өзара іс-қимыл мәселелері, өзекті мәселелер болуы мүмкін адамзат, экономикалық, саяси, экологиялық, әлеуметтік және т. б. мәселелер.
Мүгедектігі бар адамдар үшін ББ және ЕБҚ іске асыру шарттары	Ғимараттарға кедергісіз кіруді қамтамасыз ету: - оқу ғимараттарының кіру топтары пандустармен жабдықталған; - қызметкерлердің көмегіне арнайы қоңырау шалу түймесі; - есіктер мен баспалдақ алаңдарындағы тактильді белгілер; - кірме жолдар, автотұрақ. Оқу ғимараттарының 1 қабатында тұтқалармен, ұстағыштармен және тактильді көрсеткіштермен жабдықталған жеке жалпы пайдалану орындары қарастырылған. Білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру: - кіші үлкейткіштер, нашар көретіндерге арналған экранды үлкейту бағдарламалары, зағиптарға арналған дауыстық бағдарламалар. - аудиокітаптарды қамтитын электрондық кітапхана. Университет жанында: – инклюзияны қолдау бойынша ассистент-оқытушының штаттық бірлігі бар инклюзия кабинеті. - психологиялық көмек қызметі, психологиялық қолдау көрсетуді университет психологы жүзеге асырады.
Білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын бітірушінің құзыреттері 6B03201 «Журналистика»	
Жалпы құзыреттер (ЖҚ)	<i>Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бакалаврлар болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарының қалыптасуы негізінде оның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін келесі жалпы құзыреттерге ие болуы керек:</i> ЖҚ 1 - ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыдан түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындықты бағалайды; ЖҚ 2 - мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіреді; ЖҚ 3 - әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық нәрсеге өзіндік баға береді; ЖҚ 4 - Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсетеді; ЖҚ 5 - Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарын

	талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолданады; ЖҚ 6 - әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттанушылар және психология туралы негізгі білімді ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды; ЖҚ 7 - интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдар туралы білімді синтездейді; ЖҚ 8 - елгілі бір ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен әдістерін қолданады; ЖҚ 9 - өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамытады; ЖҚ 10 - қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істейді; ЖҚ 11 - жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілікті көрсетеді; ЖҚ 12 - әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады; ЖҚ 13 - әдістеме мен талдауды таңдайды; ЖҚ 14 - зерттеу нәтижелерін қорытындылайды; ЖҚ 15 - жаңа білімді синтездейді және оны Гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнім ретінде ұсынады; ЖҚ 16 - тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға кіреді; ЖҚ 17 - грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асырады; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау; ЖҚ 18 - коммуникацияға қатысушылардың әрекеттері мен әрекеттерін бағалайды. ЖҚ 19 - жеке қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін қолданады: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша Бұлтты және мобильді қызметтер; ЖҚ 20 - өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын қалыптастырады, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын басшылыққа алады; ЖҚ 21 - Қазақстан тарихының негізгі заңдылықтарын, философиялық, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша нысандағы коммуникацияларды біледі және түсінеді; ЖҚ 22 - өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін игерілген білімді қолданады; ЖҚ 23 - әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгерген.
Түйінді құзыреттер (ТҚ)	<i>Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бакалаврлар әмбебап мәдениетаралық, салааралық білімді қамтамасыз ететін және белгілі бір кәсіби қызмет саласына қажетті негізгі негізгі дағдыларды жүзеге асыруға көмектесетін келесі негізгі құзыреттерге ие болуы керек:</i> ТҚ 1 - кең көзқарасқа ие, эрудиция отбасына, ұжымға, қоғамға, Отанға қатысты өзінің құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін анықтайды және жүзеге асырады;

ТҚ 2 - кәсіби, қоғамдық және жеке өмірде белсенді өмірлік ұстанымын көрсетеді;

ТҚ 3 - өз қызметін қазақстандық қоғамның тарихи дамуы мен қазіргі жай күйінің мәнін терең және жүйелі түсіну негізінде жүзеге асырады;

ТҚ 4 - табысты өмір сүруді жүзеге асыру мақсатында тарихи дамудың негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын талдайды;

ТҚ 5 - өзін-өзі тану мен өзін-өзі тәрбиелеуде, өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі актуализациялауда қажеттіліктерін, мүмкіндіктері мен шектеулерін (жеке, ситуациялық, уақытша және т. б.) түсінеді және жүзеге асырады;

ТҚ 6 - өзін-өзі басқаруды, қойылған міндеттерді (жеке, кәсіби, қоғамдық)орындауды жүзеге асырады;

ТҚ 7 - мәдениетті, оның ішінде зияткерлік қызмет мәдениетін (ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін, қиял), негізгі ақыл-ой операцияларын; инновацияларға бейімділікті, өмір бойы оқуға деген ұмтылысты меңгеруді көрсетеді;

ТҚ 8 - өмір сүру жағдайларының өзгеруін, еңбек нарығының талаптарын түсінеді, оларға бейімделеді, түрлендіреді; әртүрлі әлеуметтік жағдайларда барабар шарлауды біледі;

ТҚ 9 - алған білімдерін табысты қызмет үшін қолданады, оларды шығармашылықпен түсіндіреді және байытады; өмір бойы үйренуге деген қабілетін көрсету;

ТҚ 10 - экология, салауатты өмір салты және өмір қауіпсіздігі талаптарына сәйкес, оның ішінде төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық пен қызметті көрсетеді;

ТҚ 11 - табиғи ортаға антропогендік әсер ету және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету факторы ретінде жеке және қоғамдық өмірдің ықтимал салдарын түсінеді;

ТҚ 12 - журналистік шығарма жасаудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын, ойлау мәдениетін, сөйлеу техникасын, стилистика ережелерін меңгерген;

ТҚ 13 - әр түрлі мәтіндерді редакциялаудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын меңгерген, мәтінді ауызша және жазбаша түрде дұрыс (логикалық) жеткізе білген, әртүрлі құбылыстар мен процестерді ғылыми талдау мен болжау негіздерін меңгерген;

ТҚ 14 - өз бетінше зерттеу жұмысының елеулі дағдыларына, өз білімін жетілдіруге және тереңдетуге, кез келген жағдайға тез бейімделуге қабілеттілігі мен тұрақты дайындығына ие;

ТҚ 15 - зерттелетін саладағы білім мен түсінікті, соның ішінде осы саладағы ең озық білім элементтерін көрсетеді;

ТҚ 16 - қазіргі қоғамның дамуындағы ақпараттың мәні мен маңызын түсіну, ақпараттық қауіпсіздіктің, оның ішінде мемлекеттік мүдделер мен басымдықтарды қорғаудың негізгі талаптарын сақтау қабілетіне ие;

ТҚ 17 - ғылыми-техникалық, жаратылыстану және жалпы ғылыми ақпаратты тез тауып, талдай алады және оны проблемалық-тапсырмалық формаға келтіре отырып, сауатты контексттік өңдей алады;

ТҚ 18 - сандық деректермен жұмыс істеудің негізгі әдістерін, соның ішінде Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негіздерін біледі;

	ТҚ 19 - оқу-кәсіптік тақырыптарға арналған оқулықтар мен дәрістер, диалогтар мен монологтардың мәтіндеріне жақын әртүрлі ғылыми-оқу мәтіндерін құрастыру қабілетіне ие; ТҚ 20 - ойлау мәдениетін меңгерген, дәлелді және анық ауызша және жазбаша сөйлеуді қалыптастырады, кәсіби және күнделікті тақырыптарда шет тілінде (ауызша және жазбаша) сөйлесе алады; ТҚ 21 - БАҚ жүйесі туралы, әртүрлі мемлекеттік және жеке ұйымдармен өзара іс-қимыл тетіктері туралы, қоғамның даму заңдары, қоғамның құқықтық және этикалық нормалары туралы тұтас түсінікке ие; ТҚ 22 - қоғам өміріндегі баспасөздің рөлін түсінеді, БАҚ-тың негізгі функцияларын біледі; ТҚ 23 - жобаларды басқаруды жүзеге асырады, ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, нақты материалды талдай алады және оның негізінде журналистік туынды жасай алады, журналистік құралдармен жұмыс жасай алады.
Арнайы құзыреттер (АҚ)	<i>Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бакалаврлар маманның кәсіби қызмет саласында ғылыми және практикалық білімді пайдалану қабілетін қалыптастыратын, өзінің ғылыми-кәсіби даярлығын ұдайы арттыруды жүзеге асыратын, жаңа кәсіби міндеттерді өз бетінше қою және шешу, кәсіби бейімделудің жоғары дәрежесін көрсету қабілетін көрсететін мынадай арнайы құзыреттерге ие болуы тиіс:</i> АҚ 1 - журналистика және ақпаратты басқару саласындағы білімді кәсіби меңгерген; АҚ 2 - өзінің пәндік саласында, сондай-ақ сабақтас салаларда заманауи технологияларды құру және қолдану бойынша білім жүйесін меңгерген; АҚ 3 - журналистиканың қоғамдық миссиясын жүзеге асырады, БАҚ функцияларын тиімді жүзеге асырады, журналистика мен журналистің бостандығы мен әлеуметтік жауапкершілігінің мәнін түсінеді және оны кәсіби қызметте ұстанады; АҚ 4 - медиа саланы дамытудың әлемдік үрдістеріне бағдарланады, медиа жүйелерді қалыптастырудың базалық қағидаттарын, БАҚ-тың әртүрлі түрлерінің ерекшеліктерін, ұлттық медиа модельдердің ерекшеліктерін және қазақстандық БАҚ-тың жұмыс істеу шындығын біледі; АҚ 5 - бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы маңызды инновациялық тәжірибелер саласындағы қызметті жүзеге асырады; АҚ 6 - журналистік мамандықтың мәнін әлеуметтік, ақпараттық, шығармашылық деп түсінеді, оның негізгі сипаттамаларын, журналистің әлеуметтік рөлдерінің мағынасын, кәсіби функцияларды жауапкершілікпен орындау үшін қажетті жеке қасиеттерін біледі; АҚ 7 - отандық журналистиканы дамытудың негізгі кезеңдері мен процестеріне бағдарланады, бұл тәжірибені кәсіби қызмет тәжірибесінде қолданады; АҚ 8 - шетелдік журналистиканы дамытудың негізгі кезеңдері мен процестеріне бағдарланады, бұл тәжірибені кәсіби қызметте пайдаланады; АҚ 9 - қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымын қалыптастырудың негізгі тенденцияларын талдайды, БАҚ-та жариялау объектісі болып

табылатын қоғам өмірінің әртүрлі салаларына бағдарланады;

АҚ 10 - қазіргі заманғы редакцияның (редакциялық кешеннің) ұйымдық құрылымын қалыптастырудың базалық қағидаттарын, әртүрлі лауазымдық мәртебедегі қызметкерлердің негізгі функцияларын, корреспонденттік корпус міндеттерінің терең шеңберін біледі;

АҚ 11 - журналистік қызметтің мәнін өз жарияланымдарын дайындауды және БАҚ мәтіндерін өндірудің басқа қатысушыларымен (авторлар, аудитория тартатын) жұмысты; жеке және ұжымдық қызметті; мәтіндік және мәтіннен тыс жұмысты (жобалау, продюсерлік, ұйымдастырушылық) қамтитын көп қырлы қызмет ретінде түсінеді;

АҚ 12 - журналист жұмысының негізгі отандық және шетелдік кәсіби стандарттары туралы біледі;

АҚ 13 - ақпарат көздерімен жұмыс істеу принциптерін және оны жинау (сұхбат, бақылау, құжаттармен жұмыс), селекция, тексеру және талдау әдістерін, сондай-ақ дәл журналистика әдістерін түсінеді;

АҚ 14 - материалдың өзекті тақырыбын таңдайды және тұжырымдайды, идеяны қалыптастырады, жұмыстың одан әрі барысын анықтайды, қажетті ақпаратты жинайды, оны тексереді, таңдайды және талдайды;

АҚ 15 - әртүрлі мультимедиялық платформаларда-баспа, хабар тарату, онлайн, мобильді платформаларда орналастыру үшін әртүрлі жанрларда, форматтарда БАҚ түріне байланысты әртүрлі таңбалық жүйелерді (ауызша, фото, аудио, бейне, графикалық) пайдалана отырып, материалды жедел дайындайды;

АҚ 16 - баспа мәтінін, аудио, бейне немесе интернет-материалды өңдейді, оны әртүрлі типтегі БАҚ-та қабылданған нормаларға, стандарттарға, форматтарға, стильдерге, технологиялық талаптарға сәйкес келтіреді;

АҚ 17 - интернеттен алынған немесе ақпараттық агенттіктерден, басқа БАҚ-тан, басқару органдарынан, қоғамдық пікірді зерттеу қызметтерінен, PR-және жарнама агенттіктерінен, аудиториядан келетін ақпаратты іріктеуді, редакциялауды, құрастыруды, қайта таратуды жүзеге асырады;

АҚ 18 - БАҚ-тың әртүрлі бөлімшелерінің, шығармашылық ұжымдардың жұмысын ұйымдастыруға және медиа өнімді ақпараттық нарыққа жылжытуды, оны ақпараттық-жарнамалық қолдауды қамтамасыз етуге (лауазымдық міндеттеріне сәйкес) қатысады;

АҚ 19 - ақпарат жинау әдістерін, танымдық қызметті, мәтінді ұсыну нысандарын, халықаралық құқық негіздерін, әртүрлі БАҚ жұмысының тетіктерін, қазіргі заманғы БАҚ проблемаларын, баспа, электрондық БАҚ жұмысының ерекшеліктерін, компьютерлік желілер мен деректер базасындағы жұмыс ерекшеліктерін біледі;

АҚ 20 - мамандандыру саласындағы жағдайға, әлеуметтік құбылысқа түсініктеме бере алады, кәсіби мәселелер бойынша пікірталастарға қатыса алады, аудиторияны журналистік процеске тарта алады;

АҚ 21 - мамандық аясында IT-технологияларды, арнайы бағдарламаларды қолдана алады;

	АҚ 22 - ақпаратты бірыңғай жарияланатын материалда ұсыну тәсілдері мен құралдарын, мәтіндік толтырудың алуан түрлілігін, арнайы графикалық технологияларды, анимацияларды, фотосуреттерді, инфографиканы, бейнематериалдарды, дыбысты, аудитория үшін интерактивті элементтерді ресурсқа енгізуді қолдана алады; АҚ 23 - елдегі басты оқиғаларға және олардың іскерлік өмірге әсеріне талдау жасайды.
Берілетін дәреже	Білім беру бағдарламасы 6B03201 «Журналистика»
Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері 6B03201 «Журналистика»	
Оқыту нәтижелері (ОН)	Осы бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы: ОН 1 Интернет және баспа БАҚ саласындағы кәсіби іс-әрекеттер бойынша; әлеуметтік құзыреттілік саласында, масс-медиа саласындағы командада тиімді жұмыс істей білу; тұлғалық өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, тұлғаның кәсіби деформациясына қарсы тұру саласында; кәсіби өсуге дайындық, кәсіби табыстың жеке ресурсы салаларында ақпараттар, идеялар, проблемалар мен шешімдер туралы хабарлау; ОН 2 Оқылатын тіл нормаларына сәйкес дұрыс грамматикалық формаларды қолдану және сөйлеуді синтаксистік құру дағдыларына сүйене отырып, журналистика саласында өз бетінше оқуды жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; ойды жеткізу тәсілін таңдау; күнделікті және кәсіби қарым-қатынас жағдайын (қазақ, орыс және шет тілдерінде) мамандарға, сондай-ақ оқытылып отырған салада маман еместегі де сөйлеу тәртібін жоспарлау және ақпаратты, идеяларды, мәселелерді және шешуді хабарлау (қазақ, орыс және шет тілдерінде); ОН 3 Жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыру, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы мен патриотизм рухында тәрбиелеу, журналистік қызметте әр түрлі мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді құрметтеу мақсатында ақпаратты интерпретациялау кезінде академиялық адалдықтың принциптері мен мәдениетінің мәнін түсіну ОН 4 Масс-медиа және электрондық және баспа БАҚ саласындағы журналистің кәсіби және ғылыми қызметінің технологиясы, электрондық және баспа БАҚ медиаэкономика заңдары, олардың ҚР ерекшеліктері; электрондық және баспа БАҚ-тағы қазіргі ақпараттық технологиялар; ҚР интернет қызметін реттейтін заңнамалық құжаттар; электрондық және баспа БАҚ медиакритика тәсілдері; БАҚ және халықаралық қатынастарды дамытудың қазіргі кезеңінде олардың бойынша білімі мен түсініктерін көрсету; масс-медианың жаһандық құрылымындағы халықаралық журналистика мәселелері, масс-медианың жаһандық құрылымындағы халықаралық журналистика мәселелері бойынша білімі мен түсініктерін көрсету; ОН 5 Экономика және кәсіпкерлік, экология және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, құқықтық білім негіздері салаларындағы білім мен дағдыларды түрлі қызмет салаларында қолдану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби қызметте ғылыми зерттеу әдістері мен академиялық жазу дағдыларын пайдалану. Қаржылық және құқықтық сауаттылық, экологиялық жауапкершілік қалыптасып, кәсіби салада сыни ойлау

	мен цифрлық технологияларды қолдану дағдылары дамиды. ОН 6 Журналист саласындағы, әлеуметтік құзыреттілік саласындағы кәсіби іс-әрекеттер саласындағы ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу, масс-медиа саласындағы командада тиімді жұмыс істей білу; кәсіби өсуге дайындық, кәсіби табыстың жеке ресурсы. ОН 7 Қазіргі журналистиканың ерекшеліктері туралы; масс-медиа жаһандық құрылымындағы халықаралық журналистика мәселелері туралы пікірлерді қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіру; ОН 8 Электрондық БАҚ-тың практикалық жобалық қызметінде олардың арасындағы күрделі тәуелділікті, құбылыстарды, теорияларды және фактілерді түсіну мен білімін қолдану; конвергентті БАҚ саласында онлайн-БАҚ коммуникациялық менеджментін, электрондық жарияланымдардың медиакритикасын әзірлеу бойынша стандартты ғылыми және кәсіби міндеттерді шешу; электрондық және баспа БАҚ-та маркетингтік және әлеуметтік зерттеулер жүргізу ОН 9 Масс-медианың жаһандық құрылымындағы электрондық журналистика мәселелері, электрондық және баспа БАҚ-та жанрлардың дамуы, қазіргі заманғы отандық онлайн-журналистиканың негізгі жетістіктері мен даму үрдістері; электрондық және баспа БАҚ-тың материалдары мен қызметін талдау әдістері салаларындағы білімі мен түсініктерін көрсету; ОН 10 Электрондық және баспа БАҚ материалдары мен қызметін, медиаэкономика заңдарын талдау және ақпараттық-коммуникациялық процестерді модельдеу білімдері мен әдістерін қолдану, сондай-ақ халықаралық журналистиканың теориясы мен талдауы, журналистің кәсіби және шығармашылық қызметінің технологиялары туралы ақпарат жинау мен түсіндіру әдістерін жүзеге асыру.
Іске асыру қорытындыларын шығару нысандары	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды тапсыру

2. Білім беру бағдарламасының мазмұны

Модульдің аты	Оқыту нәтижелері	Көлемі	Семестр	Модуль бөліктері						
		ECTS		Пәннің коды	Пәннің аты / кәсіптік практика т.б.	Пән циклы (ЖБП, БП, КП)	МК/ ТК/ ЖК	Кредит саны	Бақылау түрі	Қалыптастырылатын құзыреттер
1. Жалпы модульдер										

Жалпы білім беру	-әлемдік тарихи процестің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстандағы адамзат қоғамының даму тарихының зерттелетін саласындағы озық білімге негізделген білім мен түсініктерді, Қазақстан тарихының даму динамикасын, тарихтың жалпы барысын; философия тарихын, философия дамуының негізгі кезеңдері мен себеп-салдарлық байланыстарын; философия дамуының қазіргі тенденцияларын, қоғамдағы діннің қызметі мен әлеуметтік рөлін көрсету; ғылыми-биологиялық және практикалық негіздер, жеке тұлғаны дамытудағы және оны кәсіби қызметке дайындаудағы дене шынықтырудың әлеуметтік рөлі; - кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, аргументтер тұжырымдау және зерттелетін саланың проблемаларын шешу, Қазақстан тарихында себеп-салдарлық байланыстар орнату, салыстырмалы талдау негізінде тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіну, тарихи білімді тәжірибеде шығармашылықпен қолдану; философияның дамуында себеп-салдарлық байланыстар орнату; кәсіби қызметте философияның негізгі заңдарын қолдану, белгілі бір мәдениет контекстінде дүниетанымдық мәселелерді анықтау; экология, тұрақты даму және тіршілік қауіпсіздігі саласында зерттеулер жүргізу; - әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; дене шынықтыруды жетілдіруді, денсаулықты нығайтуды, жоғары шығармашылық және кәсіби белсенділікке дайындықты қамтамасыз ететін білім, практикалық дағдылар жүйесін игеру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру; - денсаулықты сақтау мен нығайтуды, психофизикалық қабілеттер мен қасиеттерді дамытуды және жетілдіруді (жалпы дене шынықтыру және спорттық-техникалық даярлық бойынша белгіленген нормативтерді орындай отырып) қамтамасыз ететін практикалық дағдылар мен дағдылар жүйесін меңгеру үшін, сондай-ақ дене шынықтыру-дене	23	2	КТ 1101	Қазақстан тарихы	ЖБ П	М К	5	Емтихан	ЖҚ 1 ЖҚ 2 ЖҚ 3 ЖҚ 4 ЖҚ 5 ЖҚ 6 ЖҚ 7 ЖҚ 8 ЖҚ 9 ЖҚ 10 ЖҚ 11 ЖҚ 12 ЖҚ 13 ЖҚ 14 ЖҚ 15 ЖҚ 16 ЖҚ 17 ЖҚ 18 ЖҚ 19 ЖҚ 20 ЖҚ 21 ЖҚ 22 ЖҚ
------------------	---	----	---	---------	------------------	---------	--------	---	---------	---

	шынықтыру және спорт түрлерін пайдаланудың жеке тәжірибесін игеру үшін зерттелетін саладағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану.өзінің функционалдық және қозғалыс мүмкіндіктерін арттыру үшін спорттық іс-әрекет; - оқытылатын салада оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: уақытты басқару; мәтіндік және өзге де материалдарды (әсіресе телебағдарламаларды) тиімді пайдалану; телеконференция режимінде жұмыс істей білу; топта, әсіресе оқытушысыз жұмыс істей білу; топта, әсіресе оқытушысыз жұмыс істей білу; өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізе білу, өз бетінше тапсырмаларды орындай білу; - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды әртүрлі типтегі жазбаларды жүргізу және әртүрлі типтегі жазбаша жұмыстарды орындау, емтихандарға дайындық үшін зерттелетін салада қолдану; - ғылыми зерттеу әдістерін; дербес және ұжымдық ғылыми-зерттеу, жобалау және оқу-Кәсіптік қызметті ұйымдастырудың ғылыми әдістерін қолдану; - жалпы білім беру пәндерін оқу үшін академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.		1,2,3,4	DSh1(2)112	Дене шынықтыру	ЖБ П	М К	8	Емтихан	23 ТҚ 1 ТҚ 2
			2	EKKSNI113	Экономика, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздері	ЖБ П	ТК	5	Емтихан	ТҚ 3 ТҚ 4 ТҚ 5 ТҚ 6 ТҚ 7
			2	KSZhKMNI114	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	ЖБ П	ТК	5	Емтихан	
			2	ETDTKI115	Экология, тұрақты даму және тіршілік қауіпсіздігі	ЖБ П	ТК	5	Емтихан	
			2	ZZhGANI116	Зерттеудің жалпы ғылыми әдістері	ЖБ П	ТК	5	Емтихан	
			3	Fil 2102	Философия	ЖБ П	М К	5	Емтихан	
Әлеуметтік-саяси білім модулі	- модульдің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттанушылар, психология) оқу пәндерін, қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын әлеуметтік-саяси модульдің қазіргі заманғы пәндерінің базалық білім жүйелеріндегі интеграциялық инновациялық процестердің өнімі ретінде қалыптастыратын ғылымның барлық салаларында оқылатын саладағы озық білімге негізделген оқылатын саладағы білім мен түсініктерді көрсету; әртүрлі типтегі стратегиялардың айырмашылықтары қоғамды зерттеу және нақты мәселелер мен мәселелерді талдаудың әдіснамасын таңдау негіздемесі;	8	1	Ele 1108	Әлеуметтану	ЖБ П	М К	2	Емтихан	ЖҚ 1 ЖҚ 2
			1	Saya 1109	Саясаттану	ЖБ П	М К	2	Емтихан	ЖҚ 3 ЖҚ 4
			2	Mad 1110	Мәдениеттану	ЖБ П	М К	2	Емтихан	ЖҚ 5 ЖҚ 6
			2	Psi 1111	Психология	ЖБ П	М К	2	Емтихан	ЖҚ 7 ЖҚ 8 ЖҚ 9 ТҚ 1

- кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, аргументтерді тұжырымдау және әлеуметтік-гуманитарлық типтегі белгілі бір ғылым тұрғысынан қоғамдағы қатынастардың нақты жағдайын бағалау үшін зерттелетін саланың мәселелерін шешу, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, оны дамыту перспективасын болжау; - саяси бағдарламалар, мәдениет, тілдегі жаңа құбылыстар, Әлеуметтік және тұлғааралық қатынастар туралы, өзекті және тарихи әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың қазақстандық қоғамның қоғамдық санасын жаңғыртудағы рөлі тұрғысынан олардың ерекшеліктері туралы Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; - белгілі бір оқу пәні контекстінде және модуль пәндерінің өзара әрекеттесуі мен интеграциясы процедураларында зерттеу әдістерінің зерттелетін саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану, зерттелетін пәндердің ғылыми салаларының теориялары мен идеяларының мазмұны негізінде әлеуметтік коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайлардың табиғатын түсіндіру; - зерттелетін салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: құндылықтар жүйесімен, қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық, әлеуметтік және этикалық нормаларымен арақатынасы тұрғысынан коммуникацияның әртүрлі салаларындағы әртүрлі жағдайларды талдау және болжау; тіл білімі, әдебиеттану және педагогика саласындағы зерттеу және талдау жұмыстарына арналған ғылыми аппаратты меңгеру; Қазақстан Республикасының мемлекеттік қоғамдық маңызы бар бағдарламалары мен стратегияларын іске асыру үшін төмендегілермен байланысты педагогика саласындағы жұмыстың әдістемелері мен тәсілдерін меңгеру; - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды әлеуметтік-саяси білімнің зерттелетін саласында									ТҚ 2 ТҚ 3 ТҚ 4 ТҚ 5 ТҚ6 ТҚ 7 ТҚ 8 АҚ 1 АҚ 2 АҚ 3 АҚ 4 АҚ 5
--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

	қолдану; -алгоритмделген және бағдарламалық-ғылыми әдістерді зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; - әлеуметтік-саяси білімнің зерттелетін саласындағы академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2. Білім беру бағдарламасының модульдері

Журналистің арнайы білімі	- «публицистика», «ақпарат», «журналистика функциялары», «журналистика принциптері» журналистика теориясының негізгі ұғымдары мен категорияларының мазмұны мен оқылатын саладағы озық білімге негізделген оқылатын саладағы білім мен түсініктерді көрсету; - кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдер тұжырымдау және журналистика теориясы бойынша зерттелетін саланың мәселелерін, сондай-ақ оның практикалық аспектілерін шешу; - балалар журналистикасының ерекшеліктері туралы Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; - спорттық журналистика бойынша арнайы білімнің зерттелетін саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; - зерттелетін салада әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары және алған білімдерін коммуникативтік қабілеттер арқылы журналистік процестер мен құбылыстарды талдай білу арқылы практикада қолдана білу; - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды журналистің арнайы білімінің зерттелетін саласында қолдану - зерттелетін салада журналистің нақты кәсіби қызметінің	51	1	ZhK 1205	Журналистика ға кіріспе	БП	Ж К	4	емтихан	ЖҚ 9, ЖҚ 10, ЖҚ 16, ЖҚ 18 ТҚ 12, ТҚ 13, ТҚ 16 АҚ 14, АҚ 15, АҚ 16
			3	KZhZhT K 2209	Қазіргі журналистика ның жанрлық түрі мен қызметі	БП	Ж К	3	емтихан	
			4	ZhKN 2211	Журналистик аның құқықтық негіздері	БП	Ж К	4	емтихан	
			4	OP 2215	Өндірістік практика	БП	Ж К	2	қорғау, есеп	
			3	DFTBP 2217	Деректі фильмдер түсіру бойынша практикум	БП	ТК	3	емтиха н	
			5	ZhTN 3223	Журналистик а теориясының негіздер	БП	ТК	5	емтиха н	

	фактілері, құбылыстары, теориялары мен күрделі тәуелділіктерін білу және түсіну; - журналистің академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.		5	ZhZh 3224	Жаңалықтар журналистикасы	БП	ТК	5	емтихан	
			5	GTZh 3229	Ғылыми-танымдық журналистика	БП	ТК	5	емтихан	
			6	ABD 3231	Авторлық бағдарламаларды даярлау	БП	ТК	4	емтихан	
			7	SZh 4305	Спорт журналистикасы	БП	ТК	4	емтихан	
			4	BZh 2221	Балалар журналистикасы	БП	ТК	4	емтихан	
			5	Tel 3301	Телерадиожурналистика	КП	ЖК	5	тмтихан	
			6	OP 3302	Өндірістік практика	КП	ЖК	2	қорғау, есеп	
			8		Қорытынды аттестаттау			8	Диплом қорғау Мемлекеттік емтихан тапсыру	
			8	OP 4303	Өндірістік (Дипломалды) практика	КП	ЖК	1 8	қорғау, есеп	
ІТ - журн	- информатика саласындағы оқылатын саладағы озық білімге негізделген оқылатын саладағы білім мен түсініктерді көрсету және техникалық шешімдердің, бағдарламалық құралдардың,	30	5	MZh 3213	Мультимедиялық журналистика	БП	ЖК	5	емтихан	ЖҚ 9, ЖҚ 10,

	ақпаратты өңдеу жүйесінің, есептеу жүйелері мен желілерінің тиімділігін бағалау; - кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, қолданбалы бағдарламалар пакеттерін пайдалану кезінде аргументтер тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу; бағдарламалаудың негізгі жалпыға бірдей танылған тілдерінде жұмыс істеу; ақпараттық қызмет көрсету кәсіпорындарында кәсіби салада алған білімдерін қолдану, экономикалық жағдайды талдау және бағалау негізінде дербес шешім қабылдау; - тиісті кәсіптік, ғылыми проблемалар бойынша әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіруді жүзеге асыру; өзінің кәсіби қызметінің маңыздылығы мен салдары туралы. - қоғамның жаһандану аспектілерін, IT-технологияларды, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ескере отырып, зерттелетін саладағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; - IT, цифрлық журналистиканың заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялары саласындағы журналистиканың зерттелетін саласында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; - сандық журналистиканың қазіргі заманғы аспектілері саласында ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және қолдану; - журналистиканың зерттелетін саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; - Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.		5	OZh3225	Онлайн журналистика	БП	ТК	5	емтихан	ЖҚ 16 ТҚ 12, ТҚ 15, ТҚ 18 АҚ 14, АҚ 15
			6	SZhT 3306	Сайттарды жасау технологиялары	КП	ТК	5	емтихан	
			6	FT 3308	Flash-технологиялар	КП	ТК	5	емтихан	
			7	AVMKB 4310	Аудио және видео монтаждың компьютерлік бағдарламалары	КП	ТК	5	емтихан	
			7	Med 4311	Медиадизайн	КП	ТК	5	емтихан	
			7	BDWD 4315	Баспа дизайны және WEB дизайн	КП	ТК	5	емтихан	
			7	BBKB 4316	Баспа басылымдарының компьютерлік беттеу	КП	ТК	5	емтихан	
Отандық	- зерттелетін саладағы ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі озық білімге, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдық және саяси дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі журналистиканың бар болуының жалпы теориялық заңдылықтарына негізделген	17	2	KZhT 1206	Қазақ журналистикасының тарихы	БП	ЖК	4	емтихан	ЖҚ 9, ЖҚ 10, ЖҚ

	білім мен түсініктерді көрсету; - кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдер тұжырымдау және қазіргі журналистік практика фактілерін талдау және бағалау кезінде жалпы теориялық ережелер бойынша зерттелетін саланың мәселелерін шешу; - қазақстандық журналистика теориясы мен практикасының ерекшеліктері туралы Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; -оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін отандық журналистиканың зерттелетін саласында теориялық және практикалық білімді қолдану; - отандық журналистикадағы процестер мен құбылыстарды талдай білу, зерттелетін салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды қазақстандық журналистиканың тарихи аспектілерін зерделеу тұрғысынан зерттелетін салада қолдану; - журналистиканың зерттелетін тарихи саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; - журналистиканың зерттелетін Тарихи саласындағы академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.		4	KPZhK 2212	Қазіргі публицистиканың жанрлық құрылымы	БП	ТК	5	емтихан	16, ЖҚ 18 ТҚ 12, ТҚ 13, ТҚ 16 АҚ 14, АҚ15, АҚ 16
			8		Қорытынды аттестаттау			8	Диплом қорғау Мемлекеттік емтихан тапсыру	
			8	ОР 4303	Өндірістік (Дипломалды) практика	КП	ЖК	18	қорғау, есеп	
			4	KKZhM 2203	Қазіргі қазақстандық журналистиканың мәселелері	БП	ЖК	4	емтихан	
			6	KBKT 3230	Қоғаммен байланыстың қазіргі технологиялары	БП	ТК	4	емтихан	

Менеджмент және БАҚ-тағы жарнама	- бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық қызмет пен PR саласындағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсініктерді көрсету; - кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдер тұжырымдау және қазіргі журналистика жағдайында Жарнамалық қызметті іс жүзінде жүзеге асыру бойынша зерттелетін саланың мәселелерін шешу; - бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық қызмет пен PR теориясы мен практикасының ерекшеліктері туралы Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіруді жүзеге асыру; - журналистика саласында жарнамалық қызмет пен PR саласында оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; - БАҚ-та оқытылатын PR саласында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; - ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды жарнамалық қызмет теориясы мен практикасының ерекшеліктері және БАҚ-тағы PR туралы ғылыми білімнің зерттелетін саласында қолдану; - бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық қызмет пен PR саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; - академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.	8	2	PRK 2207	PR-ға кіріспе	БП	Ж К	3	емтихан	ЖҚ 9, ЖҚ 10, ЖҚ 16, ЖҚ 18 ТҚ12, ТҚ13, ТҚ 16 АҚ14, АҚ 15, АҚ 16, ЖҚ 9, ЖҚ 10, ЖҚ 16, ЖҚ 18 ТҚ 12, ТҚ 13, ТҚ16 АҚ 1, АҚ 2, АҚ 3
			5	BZh 2203	БАҚ-тағы жарнама	БП	Ж К	5	емтихан	
БАҚ-тағы тілдік	- қазіргі қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі озық білімге, орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларына негізделген оқытылатын саладағы білім мен түсініктерді көрсету; - қазіргі орыс тілінің барлық функционалды стильдері мен сөйлеу мәдениеті бойынша кәсіби деңгейде білім мен	19	3	SR 2210	Стилистика және редакциялау	БП	Ж К	5	емтихан	ЖҚ 1 ЖҚ 2 ЖҚ 3 ЖҚ 4 ЖҚ 5 ЖҚ 6
			4	OP 2218	Орфография және пунктуация	БП	ТК	5	емтихан	

